

Әл-Фараби ауданы әкімінің 2018 жылғы атқарған жұмыстары жөнінде аудан тұрғындары алдында есеп беру кездесуі барысында келіп түскен сұрақтар мен ұсыныс-пікірлердің орындалуы жөнінде мәліметтер

1. Барлыбаева Тұрсынай - Сәуле ш/а. Майлыбаев көшесі, 4 үй тұрғыны.

Сұрақ: *Сәуле» шағынауданында ұрлық өте көп. Біздің көшемізге жарық орнатылса, кішкене тәртіп те болар еді.*

Жауап: Ынтымақ және Жаңабазар көшелерін жарықтандыру мақсатында жобалау-сметалық құжаттамалар әзірленіп, бюджеттен қаржы қаралды. Құрылыс жұмыстары 2020 жылдың 2-тоқсанында атқарылатын болады.

2. Исламов Тойчибай - Забадам шағынауданының орам басқарушысы.

Сұрақ: *Забадамдағы Бадам өзенінің үстіндегі ағаш көпірден Дёповская көшесіндегі газ трубаға дейін түнде жарық жанбайды. Мектепке Чапаевкадан, Дамбадан балалар келеді. Кешке қайтып жатқанда қараңғыда жүру өте қауіпті. Директор балдарды мектептен ертерек жібереді, қараңғыға қалмасын деп. Жарық қосып берсеңіздер.*

Жауап: Забадам шағынауданының Чайковский және Баян батыр көшелерін жарықтандыру мақсатында, жобалау-сметалық құжаттамалар әзірленіп, бюджеттен қаржы қаралды. Құрылыс жұмыстары 2020 жылдың 2-тоқсанында атқарылатын болады.

3. Сауранбаев Қуандық - 351 орам, Түркістан, Айқап шағынаудандарының орам басқарушысы.

Сұрақ: *«Төменгі Отырар» шағынауданынан біздің мектепке келіп оқитын балалар бар. Сол жерге көпір салып, сол көшені жарықтандырып берсе. Оқушылар азанғы кезде қараңғы уақытта өтеді. Екінші ауысымдағылар кеш қайтады.*

Жауап: «Төменгі Отырар» шағынауданының ішкі орамдық көшесін жарықтандыру бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге қаржы қарастыру 2020 жылы жоспарлануда.

4. Мададова Каламбир - «Спорт» шағынауданы, 11, 12 үйлердің басқарушысы.

Сұрақ: *Жол бойындағы жарық дұрыс қойылмаған. Қажетті жерлерге қойған қалған жері қараңғы, оқушылар, қарттар жүреді, Соған көмектессеңдер.*

Жауап: Спорт шағынауданындағы көпқабатты тұрғын үй аулаларына қосымша жарықтандыру бағаналарын орнату жұмыстары 2020 жылдың жұмыс жоспарына енгізілді. Бюджеттен қаржы қаралуына орай, жұмыстар атқарылатын болады.

5. БАМ шағынауданы, Беткей көшесінің тұрғыны.

Сұрақ: *Біздің Беткей көшесі каналдың жанында орналасқан. Беткей көшесінің жанындағы коттеждердің соңғы электр бағаналарынан «Отырар» шағын-ауданындағы жеке меншік үйлер электр желілерін каналдан асырып свет тартады. Ол светтің сымдары кейде шеткі үйлердің ауласына, сарайлардың төбесіне үзіліп түсіп жатады. Ол деген техника қауіпсіздігі сақталмайды. Осыны бірнеше рет Энергопотокқа хабарлағанбыз. Біз оларға рұқсат бергенбіз, олар да свет пайдалануға болады дейді. Ол өте қауіпті, себебі, ол мекенжайда бала шаға көп, бірде болмаса бірде токқа түсіп қалуы мүмкін. Ол кезде үлкен қайғы болады.*

Жауап: БАМ шағынауданы Беткей көшесіндегі электр жүйелерін жаңарту мақсатында жобалау сметалық құжаттарын әзірлеуге бастапқы құжаттар (СЖТ, техникалық шарттар, сызбалар т.б.) жинақталуда ЖСҚ әзірлеуге қаржы бөлуге ұсыныс беріледі. «Шымкент қаласы Нұрсат ш/а және Нұрсат ш/а әлеуметтік нысандары 10/0,4 кв электр желілерінің құрылысы» нысаны бойынша жобада БАМ (Айқап) шағынауданы есепке алынғанын мәлімдейміз. Жобаны 2020 жылдың шілде айында аяқтау жоспарлануда.

6. Сланбеков А. -Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, «Отырар» ш/а. №12 үй, 13 пәтер тұрғыны.

Сұрақ: *Біздің аумағымызда 8-көпқабатты үй бар. Көшелерімізде Жарық (освещение) жоқ.*

Жауап: «Төменгі Отырар» шағынауданының ішкі орамдық көшесін жарықтандыру бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге қаржы қарастыру 2020 жылы жоспарлануда.

7. Тулешов Алтынбек - «Ақжайық» шағынауданы, 64 үй тұрғыны.

Сұрақ: *Ипподромның жанында тұрамын. Бізде 300 тұрғын үйге кәріз жүйесі жүргізілмей қалып кетті. Ләжі болса, осыны еске ұстасаңыздар. «Қайтпас», «Самал» шағынаудандарына кәріз жүргізіліп қойды.*

Жауап: Шымкент қаласының энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы тарапынан Ақжайық шағынауданын кәріз жүйелерімен қамтамасыз ету мақсатында, қажетті құжаттар (СЖТ, анықтама, т.б.) әзірленіп, жобалау-сметалық құжаттамаларын әзірлеу үшін, 2020 жылы бюджеттен қаржы қарастыруға бюджеттік өтінім берілді.

8. Бейімбетова Жұпар - Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы,

Шолохов көшесі, 69 үйдің тұрғыны.

Сұрақ: *Шолохов көшесі, 69 үйге қаланың ортасында тұрса да, кәріз жүйесі мүлдем жүргізілмеген. Шолохов пен Орынбаев көшелерінің қиылысы. Кәріз жүйесін жүргізуді сұрайды.*

Жауап: Әл-Фараби ауданының әкімдігі, суды бұру мекемесі «Су құбыры және кәріз басқармасы» МКК және қалалық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы (әрі қарай-басқарма) мамандарының қатысуымен көрсетілген мекенжай бойынша зерделеу жұмыстары жүргізіліп, жобалау жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік бар екені анықталды. Қазіргі таңға, Әл-Фараби ауданының тапсырысымен басқарма тарапынан сәулет-жоспарлау тапсырмасы дайындалуда. 2020 жылдың қала бюджетін көктемгі нақтылау барысында жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге бюджеттік өтінім жолданады. Қаржы бөлінген жағдайда, жобалау-ізденіс жұмыстары жүргізіледі.

9. Сауранбаев Қуандық Шымкент қаласы, 351 орам, Түркістан, Айқап шағынаудандарының орам басқарушысы.

Сұрақ: *Аялдамада отырып қалатын жағдайлар болады. Орындықтар темірден жасалған ағаштан жасау керек. Пластиктің өзі де суық болады. Әл-Фараби ауданының аумағында темір орындықтар көп. Қазір аялдамаларды брусчаткалармен көтереді, орындықтары жергетііп тұрады. Соны есепке алып, орындайтын мердігерлерге осыны жақсылап тапсырса.*

Жауап: 2019жылы қаладағы аялдамаларды күтіп ұстау жұмыстарына қаржы қаралып, Нұрсәт, Самал және т.б жердегі аялдамаларды ретке келтіру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Жұмыс барысында, аялдаманың орындықтарын, плиталық төсенішін, шатырын талапқа сай, жабдықтау назарға алынған.

10. Пирманова Ақнұр - Қабанбай батыр даңғылы, №6 үй басқарушысы.

Сұрақ: *Қабанбай батыр даңғылы, 6 үйдің сыртын әрлеп және үйдің ішіндегі баспалдақтарды ретке келтіріп берсеңіздер.*

Жауап: Шымкент қаласы, Қабанбай батыр даңғылы №6 үй ҚР «Өңірлерді дамыту 2020 жылдарға дейінгі» бағдарлама аясында күрделі жөндеуден өтетін үйлер тізіміне енгізу үшін 1 және 2 – ші хаттамалары ұсынылды. Бюджет есебінен қаржы бөлінген жағдайда жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

11. Сейтбекова Қалжан Сырлыбайқызы - Тауке хан даңғылы, 8 үй, 15 пәтер тұрғыны.

Сұрақ: *Тауке хан даңғылы, 8 және Байтұрсынов көшесі, 7 үйлердің қасбетін кондоминиум нысаны ретінде тегін жөндеуге болатын болса жөндеп беруді сұрайды.*

Жауап: Тауке хан даңғылы №8 үй 2014 жылы ҚР «Өңірлерді дамыту 2020 жылдарға дейінгі» бағдарлама аясында күрделі жөндеуден өткен. Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі №7 көп қабатты тұрғын үйдің қасбетіне тегін әрлеу жұмыстарын жүргізу демеушілер ниет білдірген жағдайда ғана демеушілер есебінен жүргізуге болады.

12. Исаков Амирхан - Текесу тұрғын алабы, Көлді көшесі, 10 үй тұрғыны.

Сұрақ: *«Текесу» тұрғын алабында жазда елдің жартысында су болмай қалады. Ауыз су мәселесін шешу қажет.*

Жауап: Басқарма тарапынан «Текесу» тұрғын алабында ауыз су мәселесін шешу мақсатта қолданыстағы жүйенің толығымен қайта құру қажет. Осыған басқарма тарапынан құрылыс жұмыстарының сметалық есептеулері әзірленді. 2020 жылдың қала бюджетін көктемгі нақтылау барысында жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге бюджеттік өтінім жолданады. Қаржы бөлінген жағдайда, жобалау-ізденіс жұмыстары жүргізіледі.

13. Кулжанова Мира - Тауке хан даңғылы, 32 үй тұрғыны.

Сұрақ: *Біздің үйдің лифттерін жаңартып берсеңіздер екен. Өйткені өте ескі және дұрыс жұмыс жасамайды. Көбінесе бұзылып, үй тұрғындары жаяу көтерілуге мәжбүр болады. Тұрғындардың көбісі қария кісілермен мүгедек жандар.*

Жауап: Шымкент қаласы, Тауке хан даңғылы № 32 үйдің лифтілерін ҚР «Өңірлерді дамыту-2020» бағдарламасы аясында ауыстыру жоспарлануда.

14. Исаков Амирхан - Текесу тұрғын алабы, Көлді көшесі, №10 үй тұрғыны.

Сұрақ: *Ауыл жастарына спорт алаңшасын салып берсеңіздер.*

Жауап: «Текесу» тұрғын алабы, Текесу көшесінің бойына спорт алаңшасын орнату мақсатында, Шымкент қаласы жер қатынастары басқармасының тарапынан жер комиссиясының шешімі әзірленді. Бүгінгі таңда, жерге орналастыру жұмыстары жүргізілуде. Жұмыстар 2020 жылы жалғастырылатын болады.

15. Есжанов Ертай Әбдікәрімұлы - Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Республика даңғылы, 15а үй басқарушысы.

Сұрақ: *Біздің ауламызда 468 пәтер бар, үлкен аула. Сол аулаға заманға сай турниктер қойып берсеңіздер.*

Жауап: Республика даңғылы, 15а үйдің ауласын абаттандыру және балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары 2020 жылдың маусым айының соңына дейін атқарылатын болады.

16. Мырзахметова Жазира - Байтұрсынов көшесі, 73 үй басқарушысы.

Сұрақ: *Байтұрсынов көшесі, 67 үйің ауласына, балалар ойын алаңшасын орнатып берсеңіздер.*

Жауап: А.Байтұрсынов көшесі, 67 үйдің ауласын абаттандыру және балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары 2020 жылдың маусым айының соңына дейін атқарылатын болады.

17. Жүнісбеков К.Е. - Байтұрсынов көшесі №67 үй, 22 пәтер тұрғыны.

Сұрақ: *Байтұрсынов көшесі, 67 үйің ауласына, балалар ойын алаңшасын орнатып берсеңіздер.*

Жауап: А.Байтұрсынов көшесі, 67 үйдің ауласын абаттандыру және балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары 2020 жылдың маусым айының соңына дейін атқарылатын болады.

18. Шахар Нұрлан Барисұлы - «Қарасу» шағынауданы, 4б-2

Сұрақ: *«Қарасу» шағынауданы, 4б үйдің ауласына балалар ойын алаңшасын орнатып беруді сұрайды.*

Жауап: «Қарасу» шағынауданы ,4б үйдің ауласын абаттандыру және балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары 2020 жылдың маусым айының соңына дейін атқарылатын болады.

19. Сейтбекова Қалжан Сырлыбайқызы -Тауке хан даңғылы, 8-15

Сұрақ: *Байтұрсынов көшесі №7 үйдің ауласына балалар ойын алаңшасын орнатып беруді сұрайды.*

Жауап: А.Байтұрсынов көшесі, 7 үйдің ауласын абаттандыру және балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары 2020 жылдың маусым айының соңына дейін атқарылатын болады.

20. Ерімбетов Ерик Серікбайұлы - Республика даңғылы, 17- 60

Сұрақ: *Республика даңғылы, 17 үйдің ауласына балалар ойын алаңшасын орнатуды сұрайды.*

Жауап: Республика даңғылы, 17 үйдің ауласын абаттандыру және балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары 2020 жылдың маусым айының соңына дейін атқарылатын болады.

21. Туреева Динара Оралбайқызы - Өзбек көшесі, 40-1.

Сұрақ: *Өзбек көшесі, 40 үйдің ауласына балалар ойын алаңшасын орнатуды сұрайды.*

Жауап: Өзбек көшесі, 40 үйдің ауласын абаттандыру және балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары 2020 жылдың маусым айының соңына дейін атқарылатын болады.

22. Мырзахметова Гульжазира - Байтурсинов көшесі, 73 үй, 2 пәтер тұрғыны.

Сұрақ: *Байтурсинов көшесі, 73 үйдің ауласын абаттандырып, балалар алаңшасын орнатып беруді сұраймыз.*

Жауап: А.Байтурсинов көшесі, 73 үйдің ауласын абаттандыру және балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары 2020 жылдың маусым айының соңына дейін атқарылатын болады.

23. Алпанова Хабира Жумагатова - Спорт шағынауданы, 1 үй, 63 пәтер тұрғыны.

Сұрақ: *«Спорт» шағынауданы, 1 үйдің ауласына балалар ойын алаңшасын орнатуды сұраймыз.*

Жауап: «Спорт» шағынауданы, 1 үйдің ауласын абаттандыру және балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары 2020 жылдың маусым айының соңына дейін атқарылатын болады.

24. Тойманов Үстемир - Әлімқұлов көшесі 2 үй, 38 пәтер тұрғыны.

Сұрақ: *Әлімқұлов көшесі №2 және №4 үйлердің ауласын абаттандырып және спорт алаңдарын жөндеуді сұранамыз.*

Жауап: Әлімқұлов көшесі, 4 үйдің ауласын абаттандыру және балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары 2020 жылдың маусым айының соңына дейін атқарылатын болады.

Сонымен қатар, Әлімқұлов көшесі, 2 үйдің ауласындағы спорт алаңшасын жөндеу мақсатында Әл-Фараби ауданы әкімі аппаратының тарапынан сметалық құжаттамасы әзірленіп, бюджеттен қаржы бөлдіру үшін өтінім берілген. Алайда, 2019 жылға бюджеттен қаржы қаралмады.

25. Қалқабаева Гаухар Абдикадировна - Ә.Жангелдин көшесі №2а үй, 2 пәтер тұрғыны.

Сұрақ: *Ауламызға балалар ойын алаңшасын орнатуыңызды сұраймыз.*

Жауап: Ә.Жангелдин көшесі, 2а үйдің ауласын абаттандыру және балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары 2020 жылдың маусым айының соңына дейін атқарылатын болады.

26. Қойшыбаева Назира Исакуловна - Қабанбай батыр даңғылы, 7 үй тұрғыны.

Сұрақ: Қабанбай батыр даңғылы №7 үйдің ауласына балалар ойын алаңшасын орнатып беруді сұраймыз.

Жауап: Қабанбай батыр даңғылы, 7 үйдің ауласын абаттандыру және балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары 2020 жылдың маусым айының соңына дейін атқарылатын болады.

27. Рахишева Ш.А. - Тауке хан даңғылы №76,47 үйлердің басқарушысы.

Сұрақ: Тауке хан даңғылы, 76 және 47 үйлердің ауласына балалар ойын алаңшасын орнатып беруді өтінемін.

Жауап: Тауке хан даңғылы, 76, 47 үйлердің ауласын абаттандыру және балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары 2020 жылдың маусым айының соңына дейін атқарылатын болады.

28. Джанизаков Х. - Бадам ауылы, 287 орам, Тау самалы көшесі, 31 үй тұрғыны.

Сұрақ: Біздің балалардың мектепке баратын Сәуле аялдамасы бар, Нұршашу көшесінен жоғарыға шығып кетеді. Содан мектепке баратын балаларымызға жол жоқ, аяқжол салып берсеңіздер. Мазаратқа баратын жол жоқ, көше тұрғындары атынан сұранамыз сол екі жерге жол жасап берсеңіз.

Жауап: «Сәуле» шағынауданындағы Тау Самалы көшесіне (мазаратқа дейінгі атауы жоқ көшеге) және орташа жөндеу жұмыстарын атқару мақсатында сметалық құжаттар әзірленіп, 2020 жылдың бюджетін қалыптастыру мақсатында бюджеттік өтінім берілді. Шымкент қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына 2019 жыл 13 қыркүйекте №32-04-09/4073 хатпен өтінім берілгенін хабарлаймыз.

Нұршашу көшесінен жоғарыға шығатын атауы жоқ көшеге аяқжол салу мақсатында сметалық құжаттар әзірлеуге тапсырыс берілді. Сметалық құжаттар әзірлуде. 2020 жылға аяқ жол салу жұмыстарына қаржы бөлу үшін ұсыныс енгізілетін болады.

29. Айтөре Гүлғайша – «Сәуле» шағынауданының тұрғыны.

Сұрақ: «Сәуле» шағынауданында 7-көшеге былтыр шағалтас төсеген, бірақ шала асығыс төселген, кей жерлеріне төселмеген. Соны асфальттап беруді сұранамыз.

Жауап: «Сәуле» шағынауданындағы 7-көшеге сметалық құжаттар әзірлеуге тапсырыс берілді. Сметалық құжаттар әзірленіп дайын болған соң, бюджеттен қаржы бөлу үшін ұсыныс енгізіледі. Жұмыстар 2020 жылға өтпелі.

30. Сланбеков А. - «Отырыр» ш/а. №12 үй, 13 пәтер тұрғыны.

Сұрақ: *20 метрдей көшемізде асфальт жоқ, қашан асфальт төселеді?*

Жауап: Ағымдағы жылы «Отырар» шағынауданының атауы жоқ көшесінің жалғасына күтіп ұстау жұмыстарына бөлінген қаржы есебінен 20 метр жолды асфальттау жұмыстары ауа райының олайлы болуына орай 2020 жылы атқарылатын болады.

31. Барлыбаева Тұрсынай - Аналар алқасының төрағасы.

Сұрақ: *№129 мектеп пен Әскери бөлімшенің аралығындағы қараусыз бос жатқан жер теліміне халық игілігі үшін саябақ салуға ықпал жасауыңызды сұранымыз.*

Жауап: «Сәуле» шағынауданындағы №129 мектеп пен Әскери бөлімшенің аралығындағы игерілмей бос жатқан жер теліміне аллея салу үшін Әл-Фараби ауданы әкімі аппаратының тарапынан жер учаскесін рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде. Меншік құқығын беретін мемлекеттік акт алынған соң, сметалық құжаттамаларын әзірлеуге бюджеттік комиссияға өтінім ұсынылды. Жұмыстар 2020 жылы жалғастырылатын болады.

32. Мусабеева Гүлжан -112 орам, Айнабұлақ көшесі,7 үй тұрғыны.

Сұрақ: *Тәуке хан мен Дулати көшесінің қиылысында су өтетін арықтың үстінде темір решоткалар бар сол решоткалардың біразы ойылып қалған, автотұрақтың аз болуына байланысты көптеген азаматтар сол жерге автокөлік қояды, решотканың жоқ жерінде автокөліктер арыққа түсіп жатады. Сол жердегі темір решоткаларды түгендеп жөндеу жұмысын жүргізсе жақсы болар еді.*

Жауап: 2019 жылы М.Х.Дулати көшесі мен Тәуке хан даңғылының қиылысында автотұрақ үшін ирригациялық арыққа метал торлар жеке меншік иелерінің есебінен қалпына келтірілді.

Әл-Фараби ауданының әкімі

Ғ.Мәуленқұлов